

## Көшеге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 18 маусымдағы № 147 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 маусымда № 4658 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 6 сәуірдегі қорытындысы негізінде ауыл округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылының № 19 көшесіне Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атауы берілсін.

2. "Шолаққорған ауылдық округі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы шешімнің Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шолаққорған ауылдық округі әкімі*

*А.Елибаев*